



Мектеп директорларына

Аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің 3 және 4 сынып оқушылары арасында «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты шығарма жазудан аудандық байқау өтетіндігін хабарлайды.

Осыған орай, аудандық байқауға әр мектептен үздік деп танылған 2 шығарма (3 сыныптан 1 жұмыс, 4 сыныптан 1 жұмыс) жұмысын аудандық білім бөліміне сұранысымен бірге 2023 жылдың 8-ші желтоқсанынан кешіктірмей өткізу қажет. (Жұмыс ережеде көрсетілген талаптар бойынша жазылуы тиіс.)

Байқау ережесі /қосымша /1 парақ тіркеледі.

/ **Басшының м.а.**



Б.Самылтыров

Орындаған: Г.Ж.Жұматаева

Тел: 87784290292

Қосымша 1

Аудандық жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өтетін «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тақырыбындағы шығарма байқауын ұйымдастыру және өткізу ЕРЕЖЕСІ

1. Байқауға оқыту тіліне қарамастан (қазақ және орыс тілінде) жалпы білім беретін мектептердің 3-4 сынып оқушылары қатысады.
2. Байқау 2 кезеңде өткізіледі:
 - 1- мектепшілік кезең 3 және 4 сынып оқушыларының арасында өткізіледі. Ең үздік шығармалар білім бөліміне жіберіледі. Мектептен барлығы 2 жұмыс аудандық кезеңге қатысады.
3 сыныптан 1 жұмыс, 4 сыныптан 1 жұмыс .(Аралас мектептерден 3 сыныптан 1 қазақ, 1 орыс тілінде, 4 сыныптардан 1 қазақ, 1 орыс тілінде жазылған жұмыстар қатыстырылуы тиіс)
 - II -аудандық кезең. Ең үздік шығармалар жеңімпаздарын анықтау үшін оқушылардың байқауға ұсынылған жұмыстарын қарау жөніндегі аудандық комиссия мүшелері құрылады. Жұмыстар аудандық білім бөліміне 8-ші желтоқсанға дейін бастауыш сынып әдіскеріне өткізілуі тиіс.

Оқушылардың жұмысы анықталған мерзімде ұсынылуы қажет. Аталған мерзімнен кешіктірілген жұмыстар қаралмайды.

3. Шығармалар үлкен жолды оқушы дәптеріне көк күлгін сиямен жазылуы тиіс. Дәптерлердің сыртында оқушының аты-жөні, сыныбы, мектебі, ауыл, аудан атауы көрсетілуі тиіс.
4. Ең үздік шығармаларды іріктеу кезінде мыналар ескертілуі қажет;
 - 1) Бейнелі әрі қисынды пайымдаулары; негіздемелері, дәлдігі, бағамдау мен қорыту дербестігі;
 - 2) Оқушының ойды жинақтап, бере білуі;
 - 3) Жазбаша сауатты тілді меңгеру деңгейі және білімі.
5. Байқаудың II кезеңіне ұсынылған жұмыстар сараптау қорытындысы бойынша бірінші, екінші, үшінші орындар иеленіп марапатталады. Байқау қорытындысы жария етіледі.

(Ескерту: жазба жұмыстарының нормасын сақтау және ол жұмыс оқушының өз қолымен жазылуы тиіс)